

АЛАШ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Мұстафа Шоқай эмиграцияда жүргенде өмір сүрген Францияның Ножан-Сюр-Мари қаласында тұрған үйі жанынан 2010 жылы қызылордалық белгілі мүсінші Амангелді Кененбаевтың авторлығымен қайраткерге ескерткіш орнатылды. Мұстафа Шоқайдың 125 жылдық мерейтойында өзінің туған жері Сұлутөбедегі мәдениет үйіне биосіт қойылды.

Ал, бүгін Қызылорда қаласының орталығында Алаш ардақтысына арналған еңселі ескерткіш ашылды. Осылайша Сыр елі өз перзентін, күллі Алаш жұртының, тұтас Түркі әлемінің қайраткерін ұлықтауда, – деді облыс басшысы.

Салтанатты шарада ҚР ҰҒА академигі, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры Досмұхамбет Кішібеков: – Бүгін туған жеріне Мұстафаның өзі келмесе де, рухы, даусы келді. Оның эмиграцияда күресіп жүріп 12 томдық еңбек жазуының, әлемге өзінің пікірлерін өткізуінің өзі ерлік. Қайраткерге ескерткіш қойып, көпке үлгі болатын өнеге көрсеткен Қырымбек Елеуұлына алғыс айтамын, – деді.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы азат Қазақ елінің қасиетті мекені, «Алаштың анасы» – Сыр бойында ұлт жүрегінен мәңгілік орын алған Мұстафа Шоқай ескерткішінің ашылуына құттық болсын айтып. Осы жұмыстың басында жүрген облыс, қала басшылығына, аға буын өкілдеріне, құрылыс атсалысқан кәсіпкерлерге, М.Шоқай қорына, ағайын-туысқа алғыс білдірді.

Ақ жамылғы түрілгенде, қайраткердің қоладан құйылған тұлғасы алтыстан көзге түсетін алып ескерткішке, ұрпақтар тазғам ететін орнына айналған көрінді. Қазақстан Зерттеулер одағының мүшесі, мүсінші Көшер Байғазиевтің туындағы гранитті тұғырын қоса есептегенде 12 метрлі құрайды. Осылайша Сыр топырағындағы Наршоқыда туып, тар заманда өмір сүрген, тәуелсіздік жолындағы күресін тоқтатпай, Еуропа төрінен топырақ бұйырған Мұстафа Шоқай туған жеріне ескерткіш болып мәңгілікке оралды.

Ескерткіштің ашылу салтанатынан соң «Алаш мұрасы және Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында халықаралық ғылыми-теориялық конференция өз жұмысын бастады. Оны облыс әкімі, Түркі академиясы халықаралық ұйымы мен Қорық ата мемлекеттік университеті ұйымдастырды. Конференцияға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Оңбекстан, Түркиядан келген және отандық тарихшы, алаштанушы ғалымдар қатысты. Басқосу тізгінін ұстаған облыстық мәслихат қатшысы Наурызбай Байқадамов Алаш қозғалысының 100 жылдығына арналған шараның, қазақ тарихындағы Алаш қозғалысының маңызына тоқталып, қатысушылармен таныстырды.

Конференцияны облыс әкімі Қырымбек Көшербаев алғысөзімен ашты. – Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Елбасы «Өткенді тану, тарихты терең пайымдап, оған әділ баға беру парасаттылық пен жауапкершілікті талап етеді. Өткендердің қайіріп білу, олардың арман-мүдделерін жалғастыру біз үшін адамгершілік парыз ғана емес, қоғамдық дамуының, ілгері басудың негізгі алғышарттарының бірі» деген болатын. Біз осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, өткенімізді тану, тарихи тұлғаларымызды



ұлықтау мақсатында талай бастамалар көтеріп келеміз. Былтыр Тәуелсіздіктің ширектасырлық мерекесінде елдің мерейі тасыды, рухы көтерілді. Тұңғыш Президент бастап кемел деңгейге көтеріліп келе жатқан халықтың азаттық тарихы уақыт өткен сайын тереңдеп келеді. Тәуелсіздік жылдары туып, бүгінде ат жалын тартып мінуге жарап қалған арда ұрпақ осы тағлымнан сусындап, биіктеп барады. Біздің тарихи танымның әлемдік өркеніетке тыныан келіп қосылып, адамзат құндылықтарын қазақы өркеніет толықтырды дегуе әбден болады, – деді.

Аймақ басшысы сөз барысында Алаштың ғасырлық мерейтойына арналған конференцияның Елбасы «Алаштың анасы» атаған қасиетті Сыр жерінде өтуінің символикалық мәніне тоқталды. Сыр бойы – ерте заманнан Алаш жұртының табан тірегі. Сак дәуірінен бергі тарихи астаналардың бір топырақта тоғысуының өзі қасиетті мекеннің өзгешелігін танытса керек.

– Қызылорда Қазақ Республикасының астанасы болған 1925 жылы ұлтымызға «қазақ» атауының қайтарылуы, осы жерде еліміздің алғашқы үкімет басшылығының, өнер, білім ордларының негізі қалануы, ұлт зиялыларының осы қалаға шоғырлануы сөзімізге дәлел бола алады, – деді облыс әкімі сөз жегісінде. Сондай-ақ, Қырымбек Елеуұлы Қызылорда қаласының жаңа орталығы – Сырдария өзенінің сол жағалауына ҚазДІК ғимаратының үлгісмен музей салынатынын айтты. Бұл Қызылорда қаласының 2 ғасырлық мерекесіне тарту болмақ.

Аймақ басшысы Алаш идеясы мен оның туындауына өзек болған сол уақыттағы жағдайларға, азат ел болмай өркеніет көшіне ілесе алмайтынымызды айтқан көсемдердің еңбектерін тоқталды. Уақыт өз заманының озық ойлы азаматтарының тәуелсіздік жолындағы саналы, ұйымдасқан қарекеттерінің бағасын беру де. 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері арасындағы 8 ай уақыт Алаш қозғалысының жұлдызды кезеңі еді. Осы уақыт аралығында алаштық жүйе қалыптасты, Түркістан, Алаш автономиялары жарияланып, олардың үкіметтері құрылды. Қазан төңкерісінен

кейін Алаш қозғалысының «әрі тартса, арба сынады, бері тартса, өгіз өледі» деген дағдысты сәті болды. Облыс әкімі Алаш қайраткерлерінің қандай жол таңдаса да, қай бағытты ұстанса да, түпкілікті мақсаты бір болғанын, ол – Тәуелсіздік екенін айтты. Олардың ел басқару жүйесі, ұрпақ тәрбиесі, жастарға білім беру, азаматтардың құқықтары мен бостандығы жайындағы ұстанымдары Тәуелсіз Қазақстанның мақсат-мұраттарымен үндес.

Конференцияда Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, профессор Хангелді Әбжанов «Алаш қозғалысы және әлем дидары» тақырыбында баяндама жасады. Ол Алаш қозғалысы ұлттық тарихымызды интеллектуалдық және бәсекеге қабілеттілік өлшемдері бойынша әлемдік үдерістердің деңгейіне көтергенін атап өтті.

– Кемел де қайраткер алашшылар қоғам мінін қапысыз танығандықтан, халқына қалтқысыз сенгендіктен, ұлтын шексіз сүйгендіктен азаттыққа жетудің кешенді бағдарламасын ұсынды. Онда ұлттың бірлігі, рухани кемелдігі ұлықталды. Олар қазақты өркеніет биігінен көргісі келді, – деді ол. Профессор Алаш көсемдерінің өнім ойшылдарының пайым-тұжырымдарымен тенеңестіріп сөздерін, XX ғасыр басындағы басшыларда жарық көрген мақалалардан үзінділер келтірді.

Алаш қозғалысының әлемдік тарих заңдылықтарына кірігіп тұрғанының тағы бір дәлелі ретінде алашшылардың жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды теңдей қастерлегенін айтуға болады. Әлем халықтары мен мемлекеттерінің мидай араласып кеткенін жақсы білгендіктен, қазақ қоғамын бұл үдерістен тыс қараған жоқ. Бүгінде оны жаңадану деп атап жүрміз. Әлемдік аралас-құраластықты алаштықтар пайдалы деп те, сын-қатер деп те қабылдады. Олардың еңбектерінде бірде-бір ұлттың атына ғайбат сөз айтылмады, барлық халықтың мәдениеті мен әдебиеті қылмайды алаласуыз насихатталды. Профессор Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы Алаш ұстанымымен астасып жатқанына тоқталды.

Конференцияда Түркі академиясы халықаралық

ұйымының президенті, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ Баскарма төрағасы, тарих ғылымдарының докторы Дархан Қыдырәлі өз зерттеулерінің нысаны болған тақырыпты терең қаулады. Ғалым жұртшылықтың көкейінде жүрген бірнеше мәселеге тоқталды.

– Быыл дүниені дүр сілкіндірген 1917 жылғы оқиғаға 100 жыл толды. Жалпы адамзат тарихындағы елеулі оқиғаның қазақ тарихына қалдырған ізі, саяси бағысы берілуі керек, – деді ол. Алаш арыстарына Ақпан төңкерісі аз ғана үміт сыйласа, Қазан төңкерісі қасірет әкелді. Зерттеуші ғалым дәл осы жылы Петербургте болған Мұстафа Шоқайдың қабылдаған шешіміне, осы мүмкіндікті пайдаланып, еліне тәуелсіздік алуға жасаған талпынысына баға берді.

– Кейбір тарихшылар Алаш пен Түркістанды бөліп қарайды. Мұстафа Шоқай Алаш мұхтариятына да, Түркістан үкіметіне де қызмет етті. Оның өмірлік кредосы – «бір болғанда ғана ірі боламыз» еді. Шоқай айтқан Түркістанды көбіне Түркістан қаласымен, Мағжан ақын жырға қосқан Түркістанмен шатастырып жатамыз. Мұстафа бұл ұғымға «түрік елі, жұрты» деген мағына берді. Бүкіл Орталық Азияны, Қытай қорғанынан бастап, Каспийге дейінгі алқапты қосты. Тұтас Түркістан мен Орталық Азияның азаттығын армандады, – деді ғалым.

Тағы бір мәселе – М.Шоқайдың эмиграцияға кетуі. Бұл – Түркістан тарихындағы ең алғашқы саяси эмиграция. Ол эмиграцияға кетпей тұрып, күрестің барлық сатысынан өтті. Тарих оның сырт елге кетіп қалғанының дұрыс болғанын көрсетіп отыр. М.Шоқайдың 12 томдық еңбектері бізге сол заманның айнасын көрсетті. Сол дәуірдің ақиқаты мен тартыстарын, бұлтартпас шындығын осы еңбектерден білдік.

Кейде Алаш ардақтыларын бөліп-жару, олардың бір-бірімен қарым-қатынасы талқыланып жатады. Тарихтан бейхабар адамдардың жазбалары интернетте өріп жүр. Олар бірі болшыевизм жағында, бірі азаттық соғысында жүріп бір мұратты көзделді. Бұл жайында М.Шоқай еділді алапаты аштықтан аман алып қалу үшін кейінгі буын жастар болшыевизммен бірігіп, қарекет

етуі керек деген ойын жазған. Алашордашылардың бір-бірін айыптаған мақалаларының түпкі мақсаты – бір-бірін сақтау, қорғау болды. Бұларды негізге алып, пікір айту тарихтың әдістемесін білместіктен туындап отыр.

Ғалым «Түркістан легионына» қатысты түсіндірушіліктер әлі де кездесетінін атап өтті. М.Шоқай 1940 жылы жарық көрген мақаласында «Сталин де, Гитлер де – адамзатқа төнген алапат індет. Бірі – оба болса, бірі – холера. Екеуінің арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Өзін бүкіл адамзаттың көсемі санайтын пролетариаттың жетекшісіне де, бүкіл ұлттарды жоққа шығаратын фашистер жетекшісіне де қарсы шығу керек» деп жазған. Мұндай пікірде болған адамды фашистердің аман қалдыруы екіталай еді.

Д.Қыдырәлі Елбасы тапсырмасымен Түркі академиясы атқарған жобаларды атап өтті. Соның бірі – түркі әлемінің ортақ тарихы. Бұл тарих алдағы уақытта бүкіл түркі елдерінде оқытыла бастайды. Ғалым жақында жарыққа шыққан «Жойылмай бара жатқан түркі тілдері» туралы еңбекті, академия шығарған кітаптарды облыс басшысына табыс етті.

Ғылыми-теориялық конференцияда Парламент Сенатының депутаты, профессор Мұрат Бақтиярұлы Мұстафа Шоқай өмірінің екі кезеңін – эмиграцияға дейінгі және эмиграциядағы жылдарына тоқталды. Қайраткердің саяси көзқарасының қалыптасуына туған топырағы, өскен ортасы мен шыққан тегі әсер етпей қоймайды. Ол Ташкенде, Петербургте оқып жүріп, озық ойлы азаматтармен қарым-қатынаста болады. Қозғалары бірі арнаға тоғыспаса да, Алаш көсемдері туралы ғайбат пікір айтпайды. Профессор Алаш тарихына шоқайтанушы ғалымдар қосқан үлес туралы да толымды мәлімет ұсынды.

Конференцияда Түркияның Гази университетінің профессоры Гүлжанат Құрманғалиева Ежіласун «Жәділшдік және Алаш зиялылары» тақырыбында баяндама жасады. Ғалымның айтуынша, дүние жүзінде Алаш зиялылары мен олардың мұраларына қызығушылық бар. Жапон, Корея, АҚШ, Түркия және Еуропаның бірнеше елінің ғалымдары диссертация қорғайды. Түрік еліне Қазақстанмен байланысты 400-ге жуық магистрлік және докторлық диссертация жазылды. Оның 200-дейі Алаш қайраткерлерінің шығармашылығы мен күрескерлігіне арналған. Түркиялық профессор жәділшдік, ағни жаңашылдық ағымның негізін салушы Исмаил Гаспалриның идеялары, түркі халықтарының бірлігі туралы ойларына тоқталды.

Олар әрі Мирзо Улукбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетінің профессоры Қахрамов Раджабов Алаш қозғалысы мен Түркістан аймағындағы жәбістек режимге қарсы қаруды қақтығыстар, Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері Құлшап Ілісәева Алаш автономиясы жайындағы саяси ұстанымдар, Қорық ата атындағы мемлекеттік университеттің доценті Ғабит Тұяқбаев Сыр сұлейлері шығармашылығындағы Алаш идеясы туралы баяндамалар жасады.

Алаштың мерейтойына алғашқы баспалдақ болған конференцияда толымды мәліметтер мен тұшымды ойлар айтылып, ұсынымдар қабылданды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ МОЛ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Жиында облыс әкімі шеткі аймақ тұрғындарын жұмыспен қамту барысында әрбір ауылдық округ әкімінің халыққа жақын болып, сауатты да тиімді жұмыс жасауына нақты тапсырмалар берді.

– Қазір жаңа технологиялар заманы. Күнделікті жануар үлдіксіз жүргізіліп келеді. Сондықтан да аудан, облыс орталығына барған кезде кәсіпкерлікке бағыт беретін басқарма мен мекемелерге жиі бас сұғып, пікірлесіп отыру қажет. Бастысы, жұмыстың нәтижесі көрінуі қажет. Бір мысал айтайын, кейбір ауылда, елді мекендерде халыққа күнделікті тұрмысқа қажетті орын-

«50 ауыл» бағдарламасы аясында пилоттық ауыл ретінде таңдалды. Аталған бағдарлама арқылы 41 жеке отбасылық шаруашылық «Миный» ауыл шаруашылығы кооперативіне бірігіп 142 млн теңге несие алды. Осы қаражатқа бүгінде 617 бас мүйізді ірі қара, 110 бас жылқы малы алынып, бордақылаумен айналысуда. Бұл өз кезегінде 41 отбасының өз кәсібін ашуына мүмкіндік беріп отыр. Бұған қоса, 25 отбасы осы бағытта өз кәсібін ашапты болады. Сонымен бірге бір мезетте 5 бас ірі қара мал сойтып мал сою пунктін салуға несие көздері қарастырылуда. Осындай жолмен Ақкорған, Сүттіқұдық, Бесарық

округіндегі «Аруана» шұбат өңдеу цехының жұмысымен танысудан бастады. Өткен жылдың наурыз айында іске қосылған цехтың бір күндік қуаттылығы – 400 литр шұбат өңдеу. Онда 5 адам тұрақты еңбек етеді. Дайын өнімдері облыс орталығы және Алматы мен Ақтөбе қалаларына саудалануда. Мұнан өзге цехта қаймақ, йогурт, айран өндіріледі. Бұл туралы кәсіпкер Сабыр Ермханов айтты берді.

Аймақ басшысы аудан орталығындағы «Молдір и Қы» ЖШС құс шаруашылығын дамыту мақсатындағы қолға алған құс фермасының да жұмысын назарға



Аймақ басшысы жұмыс сапары барысында Шиеді кентіндегі «Береке» сауда кешенінің жұмысымен де танысты. Бұл жерде 200-ге тарта аудан тұрғындары өз кәсібін ашып, еңбек етуде. Сапар барысында аудан әкімшілігінде орта және шағын кәсіпкерлікті дамытудың бірінші жол картасының мәнісі тағы да жете түсіндірілді. Аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев хабарлама жасап, халқы тығыз орналасқан ауданда аталған бағдарламаның өз дәрежесінде орындалып жатқандығынан хабардар етті. «Мемлекеттің түрлі қолдауларының арқасында 2017 жылдың 1 қаңтарына ауданда тіркелген шағын кәсіпкерліктің саны 4265 субъектіге жетіп, оларда 7269 адам жұмыспен қамтылған. Тиісті кезеңмен салыстырғанда тіркелген кәсіпкерлер саны 382 бірлікке көбейіп, 2,5 пайызға артты, жұмыспен қамтылғандар 5,5 пайызға ұлғайды. 2016 жылы шағын және орта кәсіпкерлер 10 млрд 511 млн теңгенің өнімін өндіріп, аудан бюджетіне 1 млрд 975 млн теңге салық төледі, бұл жалпы салықтың 30 пайызын құрады. Жыл басынан 152 жеке кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, шағын және орта кәсіпкерлер 1 млрд 18 млн теңгенің өнімі өндірілді. Жергілікті бюджетке 445 млн теңге салық түсті, – деген Қайратбек Сәрсенбаев әр тұрғынмен нақты жұмыс жүргізіліп отырғанын айтты.

Екі ауданда өткен жиыны соңында жергілікті өзін-өзі басқарудың ерекшеліктері және биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап жүзеге асырылатын міндетті медициналық сақтандыру туралы түсіндірме жасалды. Жиынды облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қорытындылап, аудан әкімдері мен тиісті сала басшыларына тапсырмалар берді.



дар тапшы. Тіпті, кейбірінде нау-байхана, монша, шаштараз мүлдем жоқ. Сонда бұл қалай? Сол ауылдың тұрғындары осындай жағдайлықты шешу үшін қалаға немесе көрші ауылға әуре болып жүруі керек пе? Бұл сондағы басшылардың тиімді жұмыс ұйымдастыра алмауының нәтижесі, – деді облыс басшысы.

Жаңақорған ауданының әкімі Ғалым Әміревич орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту туралы хабарламасында тапсырманың маңызы зор екендігіне тоқталып, оны жүзеге асыру барысында бірқатар шаралардың қолға алынғандығын жеткізді.

– Мәселен, аудан екіотынасының дамуына оң ықпал етіп отырған шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2933 бірлікті құрап, өткен жылдың сәуіске кезеңмен салыстырғанда 2,3 пайызға артты. Онда жұмыспен қамтылған адамдар саны 5921-ге жетті, – деді ол.

Сөзін әрі сабақтаған аудан әкімі: «Аудандығы әрбір ауылдың әлеуетін зерделей келе Қожақент ауылдық округі

және Келінтөбе ауылдық округ тұрғындары құжаттарын дайындап, «Ауыл шаруашылығы қаржылай қолдау» орталығына өткізілді, – деген аудан әкімі 6 ауылды жоба қолға алынып, оның барлығында да жұмыс жасап тұрғандығын жеткізді.

Облыс әкімі Шиеді ауданындағы жұмыс сапарын Керделі ауылдық



алды. Мұнда жылына 3,5 млн дана жұмыртқа өндіру межеленіп отыр. Мекеме басшысы Н.Мырзабеков алдағы уақытта кәсіпорының ауқымын кеңейтуді жоспарлап отырғанын айтты.

Шиедіде «Нұрлы жер» бағдарламасына сай ауданда тиімді жұмыстар атқарылуда. Өткен жылдың соңында 3 млрд теңгеге инфрақұрылым жұмыстары жүргізілсе, соның бірі – «Береке» шағын ауданы. Нақты кезеңде 70 гектар жер тегістеліп, ауыз су құбыры тартылып, электр желісі орнатылған, жолы салынған. Құтты мекенге келешекте 300-ге тарта отбасы өз үйлерін салатын болады. Облыс әкімі солардың алғашқы 20-сына рұқсат құжаттарын табыстады.

– Бүгін көптен армандап жүрген жердің қағазы қоқыма тигеніне қуаныштымын. Бұл жерде өз отбасыма сәулетті тұрғын үй салып, еліміз дамуына үлес қосатын ұрпақтарымды өсіретін боламын, – деп ағынан жарылды кент тұрғыны Нұржан Сабыров.

Нұрмахан Е.ТАЙ,
Жаңақорған,
Шиеді аудандары,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ МАЗМҰНЫ ӘРБІР ТҮРҒЫНҒА ЖЕТКІЗІЛЕДІ

Топ құрамына мемлекеттік орган басшылары, облыстық мәслихат депутаттары, оқытушы-ғалымдар, үкіметтік емес ұйымдар, этномәдени орталықтар мен БАҚ өкілдері енгізілген.

ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісі депутаттары да облыс тұрғындарымен кездесулер өткізіп, ондағы көтерілген мәселелерге нақты жауаптар бере алды.

Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында қала, аудан әкімдері мен басқарма, департамент, инспекция жетекшілерінің қатысуымен қоғамдық кеңес алаңдарында қоғамдық қабылдаулар мен тыңдаулар, тікелей эфирдегі сұхбаттар, онлайн режимдегі интернет-конференциялар, брифингтер тұрақты түрде ұйымдастырылуда.

Обан бөлек, интернет ресурстар мен әлеуметтік желілерде ақпарат алмасу, тұрғындар сауалдарына жауап беру тетіктері кең көлемде қолданылуда.

Алдағы уақытта да биліктің халық алдындағы есептілігі мен ақпарат алмасу жағдайы қамтамасыз етілетін болады.

МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ЗАҢ КӨМЕГІ

Еліміз бүгінгі таңда экономикалық артта қалушылық аймағынан суырылып шығып, экономикасы бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кірді. Енді біз алға батып қалам басуымыз және үшінші жаңғыруды бастауымыз қажет.

Халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2013 жылдың 3 шілдесінде қабылданып, бұған «Сонымен бірге кейбір заңнамалық актілерге мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ішпесе заң да қабылданды.

Аталған заң мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді. Жеке және заңды тұлғаларға мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету кезінде олардың құқықтары мен міндеттерін іске асырудың құқықтық тетіктерін айқындайды. Сондай-ақ, Конституцияның 13-бабында көрсетілгендей, әр адаммен

білікті және сапалы заң көмегін алуға жағдай жасайды.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін осы Заңда «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда және тәртіпте адвокаттар, «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда және тәртіпте нотариустар, «Ақтараушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда және тәртіпте жеке сот орындаушылары көрсетеді.

Құқықтық мемлекет қалыптасуына бекінген бұдан елде тегін қызмет бұған дейін тұрғындарға көрсетіліп келді. Тегін заңдық көмекті барлық мемлекеттік орган қызметкерлері өз қызмет шенберлерінде көрсетуге міндетті.

Адвокаттармен көрсетілетін тегін заң көмегі алимент өндіріп алу, зейнетақы және жәрдемақы тағайындау, босқын немесе оралман мәртебесін алу, ата-

А.ҚАЙРУЛДІАЕВ,
облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы.

анасының қамқорлығынсыз қалған көмектес жасына толмағандар, сондай-ақ, Ұлы Отан соғысы ардагерлері, бірінші және екінші дүниежүзілік мүгедектер мәселелері бойынша, сондай-ақ іс жүргізу заңнамасында көрсетілген жағдайлар мен тәртіпте өтініш білдірген азаматтарға қолданылады.

Барлық тегін заң қызметін көрсету бағдарламасының әкімшісі, қызметті оған болып әділет органдары белгіленген. Бұл жет қаржытының талан-тарақта түсетуін әрі азаматтарға тегін құқықтық ақпарат берілуін Әділет министрлігі қадағалайды. Аталған заң аясында құрқатар пайда болған жағдайда Қызылорда облысы әділет департаментінің құқықтық түсіндіру және халыққа заңгерлік көмек көрсету болымы 231006 телефоны бойынша жүгінуге болады.

Х.АЛИЕВ,
облыстық әділет департаментінің бөлім басшысы, Қазақстан Заңгерлер одағының мүшесі.

САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Облыстық сайлау комиссиясы сайлау қорытындысы туралы төменде көрсетілген хабарлама мәтінін газет

● «ҚАЗАҚСТАН – 2030» СТРАТЕГИЯСЫ



– Аманкелді Қонысбайұлы, теміржолды әдетте экономиканың күре тамыры деп атайды. Ал бүгінде Елбасының тікелей қолдауымен елімізде көлік-логистикалық инфрақұрылымның дамуына айрықша мән беріліп отырғаны мәлім. Осының барлығы, сайып келгенде, Қазақстанның болашақта қарыштап дамуының алғы шарты болып табылатыны даусыз. Сұхбатымыздың алғашқы сауалына жауапты өндірістік көрсеткіштерді талдау сүзгісінен өткізуден бастасақ деймін. Сонымен Қызылорда теміржол бөлімшесі 2016 жылды қандай көрсеткіштермен қорытындылап отыр? Салада недей соны жаңалықтар бар?

– Шыңдығында Мемлекет басшысы соңғы Жолдауларында Қазақстанның көлік-логистикалық мүмкіндіктеріне айрықша назар аударып отыр. Осы саланы дамыту, Елбасының ардайым атап көрсетіп жүргеніндей, еліміздің әлемдік рыноктарға еркін шығып, экономиканың әлеуетін арттыруға зор мүмкіндік береді.

Бүгінгі күнге Сыр өңірінің теміржолшылары жоғары өндірістік нәтижелермен келіп отырғанын атап өткім келеді. 2016 жылдың қорытындысымен Қызылорда бөлімшесі бойынша жоспардағы 16 негізгі көрсеткіштердің барлығы да 100 пайызға орындалды. Көрсеткіштердің орындалуынан жинақталған экономикалық пайда 1 млрд теңгеден астам соманы құрды. Қазіргі таңда облыс өңірінде көптеген өзгерістер болып, тың жобалар жүзеге асуда. Олардың ішінде «Ғасыр жобасы» атанған маңыздыларының бірі – «Жезказған-Бейнеу» жана темір жол желісі Қызылорда жүк тасымалы бөлімшесін киіп өтеді. Өздеріңізге мәлім, 2014 жылдың жаз айларынан бастау алған жана «Сексеуіл-Жезказған» аралығындағы теміржол желісі бүгінгі күні толығымен жұмыс атқаруда. Қызылорда жүк тасымалы бөлімшесінің 2016

ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЯ ТҮСЕДІ

«Сыр бойы» газеті тілшісінің сауалдарына «Қазақстан теміржолы – Жүк тасымалы» акционерлік қоғамы Қызылорда бөлімшесінің директоры Аманкелді Арысбаев жауап береді.

жылғы атқарылған жұмыстарының нәтижесі бойынша былтырғы жылы жана желімен 3124 жүк пойызы жөнелтілді. Бұл біздің жол бөлімшесіне экономикалық жағынан оң әсерін тигізуде. Жана теміржол желісінде жоғары білімді, жұмысқа деген жауапкершілігі мол көптеген жас теміржолшы жұмыс атқаруда. Қызылорда жүк тасымалы бөлімшесінің соңғы жаңалықтары ретінде Сыр өңірінен Астана, Семей, Жезказған қалаларына қатынайтын жолаушылар пойыздарының ашылуын айтар едім. «Жезказған-Бейнеу» магистралінің облыс аумағынан өтетін құрамдас бөлімшеі – «Сексеуіл-Қоскөл» жана телімі тұрақты жұмыс орындарының ашылуы, осы телім бойындағы станция, бекеттердегі инфрақұрылымдық нысандардың салынып, қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына қызмет жасауы басты жаңалық болып табылады. Ал, Елбасының тікелей қолдауымен «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында былтыр ғана қолданысқа берілген «Жезказған-Сексеуіл» жана теміржолымен Сыр елінен №617-618 «Қызылорда-Жезказған» бағытында алғашқы жолаушылар пойызы қатынасқа 2016 жылдың наурыз айында жүзеге асырылды. Енді осы уақытқа дейін бөкен жортып, құмдарын жел суырған нен далада жана телімнің салынуымен тіршілік жанданды, тұрақты жұмыс орындары пайда болды. 2013 жылдың қазан айынан бастап Сыр бойындағы алғашқы астана мен Абай елінің арасын жалғайтын №20-21 «Қызылорда-Семей» бағытында қосымша жолаушылар пойызы Қызылордалан Семейге дейінгі 2250 шақырымдық аралықты 41 сағат 14 минутта еснеріп, сапарға шыққан жолаушылардың сұранысын қанағаттандырып келеді. Өткен жылдың сәуір айында Қызылордалан Астанаға қатынайтын №89-90 «Сырдария» Тұлпар-Талғо вагондарымен жасакталған пойыз жана рейске аттанды.

– Теміржол қатынасы жүйесінің дамуы тиісті инфрақұрылымдармен бірге жана жұмыс орындарының ашылуына әсер еткен болар...

– Өрине, айталық, жүк құрамаларының темірлерден кірісіретіс үйіні бөлімшелеті бірнеше бекеттегі станциялық жолдар ұзар-тылды. «КТЖ» ҰК» АҚ-ның ұйымдас-тыруымен теміржол саласында бірнеше игі

бастамалар қолға алынды. Соның бірі «100 вокзал» бағдарламасы болып табылады. Сыр өңірінде аталған бағдарламамен вокзал салу жұмысы 2011 жылдың сәуір айында басталды. «Қамыстыбас», «Жалағаш» стаци-яларында 1-типті, «Аралқұм», «Байқожа», «Қорқыт», «Бесарық» пен «Тереңөзек» станцияларында 2-типті, «Сапақ», «Бек-баулы» және «Шорнақ» станцияларына 3-типті жолаушыларға қызмет көрсететін ғимараттар салынды. «Жезказған-Бейнеу» теміржол тармағында Қызылорда жүк тасы-малы бөлімшесіне қарасты «Сексеуіл-Қос-көл» телімі бар. Қазір осы телімнен туәлігіне бірнеше жүк жүк пойызы өтеді. Осы тармақ бойында 3 станция, 10 бекет, бірнеше темір-жол нысаны салынды. «Сексеуіл-Қоскөл» жана телімінің бірінші қосылу кезеңінде бір-шама әлеуметтік нысандармен қатар өнді-рістік ғимараттар бой көтерді. Оларды тара-тып айтар болсақ, көпір, су өткізу құбырлары, жол өтелері секілді 154 жасанды құрылыс нысаны мен Сексеуіл станциясында қос пәтер-лі 8 үй, ал, телім бойындағы «Қарашеген», «Абай», «Промежточная» станциялары мен №15-бекетте бір-бірден екі пәтерлі тұрғын үйлер ваяталық ауысыммен жұмыс жасайтын теміржолшылардың игілігіне берілді. Осы жобаның жүзеге асуының арқасында 450-ге жуық жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылды. Сондай-ақ, «Қарашеген» мен «Промежточная» станцияларында жол айна-лымның екі пайдалану пунктi, «Абай» стаци-ясы мен №15 бекетте екі зат қоймасы, стаци-яларда салынған заманауи үлгідегі 4 вокзал ғимараты жолаушыларға қызмет жасап тұр.

Қазақстан 2050 жылға қарай әлемдегі ең алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына қосылуға тиіс. «Біз осы максатқа қарай та-бандылықпен ілгерілей береміз. Сонымен қатар жана еуразиялық логистикалық инфра-құрылымды дамыту – маңызды басым-дықтардың бірі. Оған қазірдің өзінде қо-мақты инвестиция жұмсалды. Енді оған экономикалық қайтарым ала бастау қажет» деп атап көрсеткен Мемлекет басшысы осы орайда Ұкіметке 2020 жылға қарай транзиттік тасымалдың жылдық көлемін: контейнерлер-мен тасымалданатын жүктер үшін 7 есе – 2 миллион контейнерге дейін, жолаушыларды

әуе көлігімен тасымалдауды 4 есе – 1,6 млн-ион транзиттік жолаушыға дейін арттыруды тапсырды.

Сондай-ақ, транзиттік тасымалдаудан түсетін табысты 5,5 есе – жылына 4 миллиард долларға дейін көбейту қажет екенін айрықша атап өткен еді.

– Аманкелді Қонысбайұлы, теміржол са-ласы ардайым жұмысшы-қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету бағытында үлгілі істерімен мәлім екенін жақсы білеміз. Сөз соңында осы бағытта атқарылып жатқан ісiстерге тоқталып өтсеңіз...


Сіздің сауалыңызға орай алдымен мына мәселені айрықша атап өткім келеді. «Нұр Отан» партиясы «Теміржол» партия филиалы мен кәсіподақ комитетінің басты максаттарының бірі – Қызылорда жүк та-сымалы бөлімшесінің өз қызметкерлерін жеке, ұжымдық, кәсіби және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғауға ерекше мән береді. Сондай-ақ, көмек көрсету мен қорғаудан бөлек, қазіргі бүкіләлемдік дағдарысты ескере отырып, қайырымдылық акцияларын, жеке қаржылай көмек көрсетуге көңіл бөлінуде. Әсіресе, бұл орайда мүмкіндігі ішектеулі азаматтар на-зардан тыс қалмайды. «Белкөл» станциясының жүк және багажды қабылдап тапсырушы К.Қалымбетовке, жол бөлімшесі ғимаратының ауласын тазартушы Д.Нұржігітов сияқты азаматтарға қаржылай көмек көрсетілсе, ПЧ-57 жол монтері А.Абдраевтың 8 бөлмелі үйі қиытын қырауында ортепін, далада қалған 9 жанға Қызылорда теміржолшылары бір-ауыздан ауызбіршілікпен 1 млн 700 мың теңге қаржылай көмек көрсетті. Сол сияқты қызметкерлер немесе бөлімше зейнеткерлері жазатайым оқиғаларға тап болса, партия, кәсіподақ тарапынан мейлінше көмек көрсетіледі.

Қазақстан бүгінгі таңда әлем таныған мемлекеттердің қатарына қосылды. Елбасы-ның дәйекті саясаты арқасында бұл орай-да Қазақстан теміржол саласы айтарлықтай дамығанын, оның жалпы ең экономикасы-на өзіндік үлес қосқанын, бұл жетістікке Сыр өңірі теміржолшыларының үлгісі барлығын айрықша атағанды жөн санаймын.

Өңірмелескен
Ж.ӘЛМАХАНҰЛЫ.

1 сәуір – Геологтар күні

КЕН БАРЛАП, КЕНІШ ТАПҚАНДАР



Біздің облыста басқа өңірлермен салыстыр-ғанда геологтардың қауымдастығы бірлесе жақсы жұмыс істейтінін ерекше атап өтуге болады. Олардың қатарында жер қойнауынан тіршілік нәрі – суды, қара алтын – мұнайды, көгілдір отын – газды, аптом өндірісін өзгеі – уранды және басқа да пайдалы қазба байлық түрлерін іздеушілер топтасқан. Аймақтағы жер қойнауын барлаушыларда кәсіптік мерекесін бірлесіп өткізу дәстүрі қалыптасқан. Мейрам кезінде ардагер геологтарға сый-құрмет көрсетіліп, еңбегімен көзге түскендер марапаттарға ие болып жатады. Сонымен бірге, мекемелер өзара байланыстарын артты-рып, тәжірибелерімен бөліседі. Жыл сайын осы саладағы бір компания кезегімен мерекелік ша-раны ұйымдастыруды міндетіне алады. Міне биылғы жылы бұл міндет «KAZPETROL GROUP» ЖШС еншісіне тигіп отыр. Сондықтан да осы компанияның бас геологы Александр Прива-ловпен кездескенімізде аталған компанияның саладағы атқарып жатқан жұмыстарына қадағуы мақсат тұттық.

Әуелі бас геологтың еңбек жолына қысқаша тоқтала кетелік. Александр Семенович 1980 жылы Қазақ политехника-лық институтының мұнай факультетін тау-кен инженер-геологы мамандығымен бітіргеннен бастап Батыс Қазақстан облысындағы мұнай-газ барлау экспедицияларында жұмыс атқарды. Кәсіби мамандығының барлық сатыларынан өткен ол 2001 жылдан бері Қызылорда облысында еңбек етуде. Алғашқы кезде «Ай-Дан мұнай» АҚ-ның бас геологы қызметін атқарса, 2007 жылдан бері KAZPETROL GROUP» ЖШС-нда осы лауазымда еңбек жолын жалғастыруда.

Әңгіме барысында ол компаниясының тарихына тоқталып кетті. Ол 2006 жылы құрылған. Компанияны құруға бастама-шы болған, оның құрылтайшыларының бірі, бүгінде дирек-торлар кеңесінің төрағасы Оразхан Қарсыбеков. Ал бас дирек-тор болып тағайындалған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлеті 25 жастағы Бақыт Тоғызбаев болатын. Егер ол дайын нәрсеге келсе, онда әртүрлі ойларға берілуге болар еді. Бірақ ол қызметіне тағайындалғанда кенсе де, ұжым да болмаған еді. Барлығын таза қағаздан бастауға тура келді. Ал енді он жылдан аса уақыт өткенде аймақтағы, типте елдегі деп айтуға болар, ең жас мұнай генералы қалыптасты деп сеніммен айта аламыз дейді осы орайда әріптесі.

2006 жылы компания КР Энергетика және минерал-ды ресурстар министрлігімен ХХІХ-38 блогының С, D, E аймақтарының біркатар бөліктеріне мұнай және газға бар-лау жасауға және өндіруге келісімге отырады. Ал КР Пай-далы қазбалар қоры жөніндегі комиссияның 2005 жылғы анықтамасы бойынша аталған аймақта минералды тіндейтін-қы жер жоқ деп саналып, ол мемлекеттік баланста тіркелмеген болатын. Келісім жасалған территория Торғай ойпатының отңүстік-батысында, Сырдария ауданының аумағында орна-ласқан. Келісім аумағынан «Күмкөл-Қарақойын» магистраль-ды мұнай құбырымен жалғасқан «Қоныс-Күмкөл» мұнай құбыры өтеді.

2007 жылы контракталық учаскеде сейсморазлау жұмыстары жүргізіліп, соның қорытындысына орай сква-жиналар бұрғылап қору туралы шешім қабылданады. Нәтижесінде «Таур» кен орны ашылады. Осындай іздеу жұмыстары жалғастырыла келе бүгінге дейін «Таурдан» бөлек «Қайыркелді», «Отңүстік Қайыркелді», «Солтүстік

Қайыркелді», «Отңүстік-Батыс Қайыркелді», «Солтүстік-Батыс Таур» және «Жолтай» кеніштері ашылған.

Аталған кен орындарындағы өндірілетін мұнай қоры әзірге 8,5 млн тонна деп есептеліп отыр. 2017-2018 жыл-дарда жүргізілетін барлау және бағалау жұмыстары қорытындысымен тағы да 2,5 млн тонна қоры қосылды де-ген болжам бар.

Бас геолог «KAZPETROL GROUP» ЖШС құрылып, бар-лық жүргізілген геологиялық барлау жұмыстары мен өндіру нәтижесінде 590 мың тонна мұнай алынғанын жеткізді. Кен орындарының ашылуымен және өндірілген мұнай көлемінің арта түсуімен ұжым да өсіп келеді. Егер де 2007 жылы компа-нияда 31 адам жұмыс істесе, қазіргі уақытта 207 маман еңбек етуде.

А.Привалов өз ұжымын мақтан ететінін атап өтті. Тимді және сауатты геологтар ұжымы қалыптасқан деген ол әріптестеріне жеке-кей тоқталды. Геология және бұрғылау бөліміне мықты маман Ғалымжан Есегов жетекшілік жа-саса, бөлімде геологиялық-геофизикалық ақпаратты өңдеу менеджері Нұрлан Дүйсенбаев, инженер-геолог Аскар Мәжитов еңбек етеді. Далалық қызметке жетекші геолог Руслан Гүраев, геолог Данияр Тұңғышбаев пласттар бойынша ин-женер Досым Дәулетбаев жұмыс жүргізуде.

Мұнан бөлек, дайындау бөлімінің басшысы Нұрлан Ахмет-ов, мұнай және газ өндіру шеберлері Дәулет Ешмұратов пен Алмат Қасымов операторлар Талғат Құлбаев және Қуаныш Молдашев әрқайсысы кен орындарын ашуға өздерінің лайықты үлесін қоса білді.

Он жыл уақыт ішінде компания 106 шақырым жол салып, 50,5 шақырым бұВ әуе желісін жүргізді. «Таур» кен орынында құмталығы жылына 190 мың тонна, Отңүстік Қайыркелді кен орынында 250 мың тоналық мұнай жинау және дайы-ндау пункттерін салынып, оған 12 шақырым құбыр жүргізілген. 19 бұрғы орналастырылып, тұрғын-жай және техникалық ғимараттардың инфрақұрылымы тұрғызылды. Осы жылдары компанияның жалпы салған инвестициясы 160 миллион дол-лардан асты.

Бас геолог әңгіме барысында «KAZPETROL GROUP» ЖШС геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізіп және өз территориясын орынықтыру кезеңінде мердігерлік мекемелердің көптеген жұмыс орындарын ашуына себбі тигеніне назар аур-дарды. Мәселен, компанияның жол салу, бұрғылау алаңдарын тұрғызу бойынша бас мердігері «OrdaStroyService» ЖШС-нде бүгінде 150 адам, күзет қызметімен айналысатын «Kulan Sekurity» ЖШС-нде 60-тай адам жұмыс істейді.

Жер қойнауын пайдалану келісімінің шарттарына сәйкес компания тарапынан 10,5 млн доллар көлемінде бо-нус төленген. Астана қаласын дамыту қорына 1,8 млн дол-лар қаржы аударылды. Қызылорда облысы әкімдігі және Қызылорда қаласы әкімдігімен жасалған келісімдерге сай «KAZPETROL GROUP» ЖШС (КАЗІПЕТРОЛ ГРУП) аймақ тұрғындарының денсаулығын қорғауға, білім беру, мәдениет және спорт саласын жетілдіруге, жалпы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосып келеді. Келісім жасалғаннан кейінгі төрт жылда компания Қызылорда облысының әлеуметтік экономикалық дамуына 1,9 млн дол-лар қаржы құйды. Ал қазіргі 2011-2017 жылдарға белгіленген келісімге сай 500 мың доллар көлеміндегі міндетін компания уақытылы және толық көлемде орындауда.

Сөз соңында А.Привалов әріптестерін кәсіби мерекесімен құттықтап, жана кен орындарын аша берудіне тілектестігін білдірді. Біз де өз кезегімізде бұл тілекке қосылдық.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

Қызылорда қалалық мамандандырылған әкімшілік сотында жыл басынан бері көме-летке толмағандарға қатысты 33 іс қаралып, оның біреуіне айыппұл салынып, қалаларда Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 68-бабына сәйкес әкімшілік жауаптылықтан босатылып, іс жүргізу тоқтатылды. Істерді іріктеп тексерудің нәтижесі бұл санат бой-ынша соттардың тәжірибесі қалыптасқанын көрсетті.

Мәселен, көмеделтке толмаған А. көлік жүргізу құқығы жоқ бола тұра биылғы 12 қантар күні түнгі сағат 23,00 шамасын-да басқаруындағы «BMW-520» маркалы

мемлекеттік белгісі 953 DNA 11 автокөлігімен облыс орталығының Г.Мұратбаев көшесін-дегі №8 мектеп-интернат тұсында жолдың жасанды кедергісін айналып өтіп, қос жолға сыздықты баса отырып қарсы бағытта шығып кеткен. Осы оқиғаға орай әкімшілік полиция қызметкерлері КР Жол жүрісі қағидалының 9-бөлімі 2-тармағының талаптарын сақтамай, ӘКБтК 596-бабының 5-бөлігінде қозғалған құқық бұзушылықты жасағаны үшін жас-есірімге қатысты әкімшілік құқық бұзу ту-ралы хаттама толтырып, сотқа жолдаған болатын. Осы жылғы 13 ақпандағы сот қаулысымен құқық бұзушы А. кінәлі деп

танылып, табысы болмауына байланысты заңды өкілі – анасы С.-ға 10 АЕК мөлшерінде, яғни 22690 теңге айыппұл салынған.

Көмеделтке толмаған Е. 19 қантарда түнгі сағат 22,00-де Тасбөгет кентінің Есе-нов көшесіндегі «Нүртірөне» азық-түлік дүкенінде азамат А.-ны балағаттап, қоғамдық тәртіпті бұзған, айналдасындағыларға сыйла-маушылық танытқан. Әкімшілік соттың 1 наурыздағы қаулысымен кінәлі деп танылған жасөспірім Е. жауаптылығынан босатылып, оған заң талаптары түсіндірілген.

Тағы бір құқық бұзушы көмеделтке тол-маған Н. Тасбөгет кентінің Аманкелді көше-

сінде шешімке қалдығын тастап, ортақ пай-далану орындарын ластаған. Оның осы іс-әрекетіне Қызылорда қалалық істер басқармасы жасөспірімге КР ӘКБтК 434-бабының 1-бөлігінде хаттама толтырып, шешім қабылдау үшін сотқа жолдаған бола-тын. Қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының 12 қантардағы қаулысымен кінәлі деп танылған құқық бұзушы Н. КР ӘКБтК 68-бабының талабына сәйкес жауаптылық-тан босатылып, коллектің 69-бабының 1-бө-лігімен заң талаптары түсіндірілген.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

● ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЖАҢА ЖҮЙЕ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында елімізде қолға алынатын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін түсіндіруге арналған дөңгелек үстел отырысы өтті.

Басқосуға жоғары оқу орнының ұстаздары мен студенттері, емдеу ал-дын алу ұйымдары бас дәрігерлерінің орынбасарлары мен жұмыспен қамтуды үйлестіруге және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары қатысты. Шараны Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың тәрбие жұмыстары және жастар саясаты басқармасының басшысы Жандос Базартай ашып, жүргізіп отырды.

Жиында медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысы Бақыт Исмаханбетов міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі, оның маңызы жөнінде жаң-жақты түсіндіріп берді.

– 2015 жылдың қараша айында «Міндетті әлеуметтік медициналық сақ-тандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Аталған заң жобасы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың айқындаған бас институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 80-ші қадамын іске асыру шеңберінде әзірленді. Заң жобасын дайы-лау барысында үздік халықаралық тәжірибе мен әлеуметтік әділеттілік қағидалары қолданылды. Жана Заңға сәйкес азаматтарға медициналық қызметтің 2 түрлі пакеті ұсынылады. Біріншісі – республикалық бюджет-тен қаржыландырылатын медициналық көмектің мемлекет кепілдендірген көлемін ұсынатын базалық пакет. Ол Қазақстанның барша азаматтары үшін қолжетімді болмақ. Пакеттің құрамына жедел-жәрдем қызметі, санитарлық авиация, әлеуметтік маңызды ауруларға, сондай-ақ төтенше жағдайларда, профилактикалық екіп кезінде көрсетілетін медициналық көмек кіреді. Со-нымен қатар, 2020 жылға дейін өзін-өзі жұмыспен қамтыған (салық қор-ына өзін-өзі қамтыған азамат ретінде немесе әлеуметтік сала органдары-нда жұмыссыз ретінде тіркелмеген, қорға жарна төлемейтін) тұрғындарға республикалық бюджеттің есебінен амбулаторлық-дерлік қамтамасыз етілетін амбулаторлық-емханалық көмек көрсету қарастырылған. Екін-шісі – жанадан құрылатын медициналық сақтандыру қоры ұсынатын сақтандыру пакеті. Оған амбулаторлық-емханалық көмек, стационарлық көмек (әлеуметтік маңызды ауруларды есептемегенде), стационарлық көмекті алмастыратын көмек (әлеуметтік маңызды ауруларды есептеме-генде), қалпына келтіруге емдік шаралары, медициналық реабилитация, паллиативтік көмек және мейібірлікелік қарау мен жоғары технологиялық көмек кіреді.– деп атап өтті Б.Исмаханбетов.

Б.Торғайбайұлының айтуынша, аталған пакетті алу құқығы әлеу-меттік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушы ҚР азаматтары-на, ҚР аумағында тұрақты өмір сүретін және қорға жарналар төлейтін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға беріледі. Сонымен қатар, мем-лекет экономикалық бәсеңділігі төмен, әлеуметтік осал топ мүшелері үшін жарна төлейтін болады. Жұмыс берушілер – жұмыскерлер мен жалдамалы жұмысшылар үшін аударымдар және қызметкерлер мен салық органдары-нда тіркелген өзін-өзі қамтыған азаматтар өздері үшін жарна төлейтін бола-ды.

Мемлекет төлейтін әлеуметтік осал топ үшін жарнаның мөлшерлемесі статистика саласындағы уәкілетті орган айқындайтын соңғы екі жылдағы орташа айлық еңбекақының мөлшері негізінде есептелінеді.

Басқосуда қатысушылар жаңа жүйеге байланысты өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, оған мамандар тарапынан тұшымды жауаптар қайта-рылды.

Айгүл БАТТАЛОВА.

ҚҰРМЕТТІ ОБЛЫС ТҮРҒЫНДАРЫ!

Қызылорда облыстық прокуратурасының органдарымен ауыл шаруа-шылығын субсидиялау барысында заңдылықтың сақталуына тексеру жүргізілуде.

Осыған байланысты субсидиялау барысында орын алған бұзушы-лықтар, агроөнеркәсіп кешінің қолдау мен дамыту үшін бюджеттен бөлінген қаржыларды алу барысында кедергі келтіруге фактісі белгілі бол-са, прокуратура органдарына хабарлауды сұраймыз.

Сонымен қатар, субсидиялау механизмін жетілдіру туралы ұсыныс-тарыңызды да білдіруге болады.

Өз хабарламаларыңызды 7242155@prokuror.kz электронды поштасы-на жолдай аласыздар.

Қызылорда облыстық прокуратурасы.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 44-бабының 5 тармағына сәйкес 2017 жылдың 26 наурызында өткен Қазалы аудандық мәслихатының №3 «Қазыбек би» сайлау округі бой-ынша шығып қалған депутаттының орнына өткізілген сайлаудың нәтижелері туралы хабарлаймыз:

- Округ бойынша сайлаушылар тізіміне енгізілген сайлау-шылардың жалпы саны – 2642
- Дауыс беруге қатысқан сайлаушылар саны – 2305
- Әрбір депутаттыққа кандидаттар үшін берілген дауыстар саны:

- 3.1. Қожалепесов Қуандық Бахытжанұлы – 2028
- 3.2. Ниятов Руслан Ақжолұлы – 120
- 3.3. Шамшадинов Кенжетай – 133
4. Жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің саны – 24

4 МЕРЕЙ

АНТҚА АДАЛАҒА БАР

1991 жылы қыркүйекте, Кеңес өкіметінің құлдыраған шағында Оралда казактар бас көтерді. Олар ештеңеге қарамастан орыс билігіне қызмет еткеніне 400 жыл толуын кеңінен атап өткісі келді. Орталықтан шеткері, тыныш жатқан қала көшелерінде қатарынан үш күн сап түзеп жүрді. Өздері суық қаруланған. Алайда, казактар одағының бар ойы – автономия құру, Орал облысының саяси-құқықтық жолмен бөліп алу еді. Өйтпеген күнде қарулы күреске барудан да тайсалмайтын болып шықты. Қазақтың тұтастығына сызат түсірерлік оқиғаны сол кезде облыстың ұлттық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары қызметін атқарған Нұрахмет Ералы күні кешегідей еске алады.

– Тәуелсіздігімізді жариялап үлгермей жатып, «бұл – біздің тарихи Отанымыз» деген желеумен казактар Оралды басып алуға тырысты. Қарулы қақтығыстың, текетіретің алдын алу үшін күн демей, түн демей жұмыс істеді. Аянып қалғанымыз жоқ. Бір жағынан, республикалық «Азат» қозғалысының белсенділері қарсылық танытып, наразылық білдірді. Намыс-жігеріміз бен ұлттық рухымыздың асқақтығының арқасында бірігімізді сақтап қала алдық, – дейді ол.

Отыз жылын ел мен ұлт қауіпсіздігін қызғыштай қорғау арнаған КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің полковнигі Нұрахмет Жұмахметұлы бүгінде жетпістің жотасына жатып. Құрметті еңбек зейнетінде. Ол қандай жоғары лауазымды қызмет атқарса да, беліне Дзержинский айтқан «еңбектің санасы сергек, жүрегі ыстық және қолы таза болуы тиіс» деген ұстанымнан айныған емес. Өлі күнге дейін солай, ар мен жан тазалығын бөрнен жоғары қояды.

Нұрахмет аға ауыртылалығы мен жауапкершілігі тек түсетін, құпиясы сур ашапайтын бұл салаға келемін деп еш ойламаған. Он-солан танығалы дипломат болуға ансары аулды да тұрды. Патша өкіметі кезінде де, кеңес өкіметі кезінде де көп еңбек сіңірген Георгий Чичерин деген орыс дипломаты туралы оқығаннан кейін, тіпті, есі кетті. Білетіндерден дипломат болудың жолын сұрастырып көрді. Ол үшін шет тілін шемішекше шағу керек екен. Орта мектепті бітіргесін қайткен күнде де жоғары білім алуды шешті. Өкесі тұңғышының қасынан бір елі ұзағанын қалаған жоқ. Ауылда соғыстан қалған айналдырған азғанай техника. Көбі соның айналасында жүріп нан тапса бады. Өкесі «жұрттың балалары сиректеуі жүртіңе жұл» деп, «ақ асырасаның» деген. Бірақ білімге ұмтылғанын болашағы зор. Осыны үйдегілерге байыппен түсіндірген жеткіншек ақыры өкешесінің «ақ жұл» деген батасын алды. Қолында – ескі чemoдaн. Ішінде азын-аулақ затты бар. Салдыртып жүріп, «Алматы, қайласың!» деп, алып-ұшып арман қалаға жетті.

Жоқшылық заман ғой, кемпір-шал мұны қарызданып-қауғаланып жүріп оқытты. Оқу-білімге құштар жігіт «сенімді ақтамасам, маған сын» деп жігерленді. Алматыдағы шет тілдері институтында ағылшын тілін меңгерді. Қабілеті мен зеректігін қауіпсіздік қызметіндегілер сұрастырып жүріп байқап қалса керек, институтты бітірген жылы «дап-даныш маман екенсің» деп жұмысқа шақырды. Күтпеген ұсынысқа ойланп жауап берді. Өзі әуірмүрден жүріп оқуды әзер аяқтаған. Оның үстіне, Шолпан апанем жана отау құрған кезі. Жас отбасын мaнaпoлнece отер мекенісі мақалға тұрған ба? Бүгінгі естері шешілді деп, оны тағы ешкім айта алмайды. Осыларды ой елегінен өткізе келе, ұсыныстан бас тартты. Өзі өсіп-өнген Тереңөзекке келді.



Жергілікті мектепте екі-үш ай ғана сабақ берді. Дегенде, әлгі ұсыныс артығына ауылға да жетті, сұраныс хат жіберіпті. Көздері түскен дайын кадрға үй беруді ұйғарған екен.

– Бізге шет тілін жақсы білетін, шетелдіктермен жұмыс істей алатын адамдар керек. Студент боп жүрген кезде жақсы әсер қалдырамын керек. Чекімет болуды өз шарттары бар. Мінез-құлқын, білімін, интеллектуалдық деңгейін түгел сөйкес келуі тиіс. Қоғамдық, экономикалық, әлеуметтік ахуалды, саясатты бексе боп маңызды. Осылай ойламаған жерден қызметке келдім, – дейді Нұрахмет аға.

Бұйрық деген осы болса керек. Елшілікке ебі бар, ықыласы ауған жастың өмірі бір сәтте қоса арнаға бұрылды. 1969 жылы Минск қаласындағы КТБ-ның Жоғары курсына аттанып, бір жыл оқып, бітірді. Осыдан кейін қарбаласқа толы қайнаған өмір жолы басталып кетті. Қызмет баспалдағына МКК-нің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінен көтерілді. Қарсы барлау бағытындағы қарқынды жұмыстың басы-қасынан табылды. Құпия құрылымға дүние жүзіндегі маңызды стратегиялық нысан саналатын ғарыш айлағы мен оның айналасындағы объектілерін қауіпсіздігін қорғау міндеттелді. КСРО МКК Орталық аппаратының арнайы тапсырмасымен Иран, Пәкістан, Ауғанстан, Бирма, Үндістан, Англия сияқты елдерге болды. Мемлекеттік маңызды міндеттерді сәтті әрі

нәтижелі орындағанына байланысты 1977 жылы «За боевые заслуги» медалін иеленді. Нұрахмет аға үшін бұл марапаттың жөні бөлек.

Білікті де тәжірибелі маман қай кезде де сұранысқа ие. Елеулі еңбегін байқаған орталық аппараты оған құда түсе бастады. Сөйтіп, 1979 жылы қызмет бабымен Алматыға ауысты. Жана қызмет бағытында шамамен жеті жыл мемлекет шекарасын қорғауға атсалысты. Ол Қытайдың арнайы қызметімен күреске, кеңес-қытай шекарасының 1648 шақырымға созылып жатқан қазақстандық бөлігін қорғау ісіне жауапты болды. Қытай жақтан жылына кемі мың жарым адам шекара бұзып келеді. Көбінің көзлегені – киік пен маралдың мүйізі мен дорлік шоттердің тамырынан жинап, Отанына алып өту. Бұлардың қай-қайсысы да өте бағалы. Сатқан жағдайда қыруар пайдаға кенеледі. Енді бір бөлігі Қазақстанға қайлы да тыныш өмір сүру үшін келген. ҰҚК қаласының ардагері қытайлық арнайы қызмет тыңшыларын анықтау шараларының дамысыз жүргенін айтады.

1986 жылдың соңына таман құпия құрылымының басыпсы өзгеріп, көзқарас қайшылығына байланысты Оралға ауысуына тура келді. Жайық өңірінде МКК басқармасының бөлім бастығы, басқарма бастығының бірінші орынбасары лауазымдарын абыроймен алып жүрді. Қазактар арасына ірікті салмақ болған казактардың екпінін басуға үлес қосты, соның нәтижесінде бүгіндігіміз бүлінген жоқ. Ресейден келген небір басбұзар бандылар тобымен де күрес жүргізді. Және қандай істі қолға алса да, құш-жүгері тугаған емес. Уақытын сарп етті. Күн-түнге қарамайды.

Нұрахмет Жұмахметұлы 2000 жылдан бері зейнет демалысында. Өмірінің саялы бөлігін ел тыныштығын күзетіп, қауіпсіздігін қорғауға арнағанына риза. Дипломат болмағанына еш өкінебейді. Бастысы, абырой биігінен көріне білді. Қызмет бабымен әлемнің 17 мемлекетіне табаны тиіп, төрт мұхитты көрді. Кэмбридж бен Оксфорд университеттерінде тағылымдамадан өтті.

ҚР ҰҚК-ның құрметті қызметкері, сала ардагері бүгінде 70 жаста. Жұбайы, француз тілінің маманы, Қазақ КСР халық ағарту ісінң үздігі Шолпан апанем бірге екі ұл, екі қызды өсіріп, жетілдірді. Олардан тараған атты немере ата-әжесін көңілін көктем күйге келтіріп тұрып. Нұрахмет аға қолы боста табиғат аясында демалғанды, аң, балық аулағанды жақсы көреді. Бағбандық өнері тағы бар. Үйінің алдындағы бақшада жыл сайын көктем шыға келгенге жеміс ағашын етеді. Жазда онысы құлпыра түседі. Нұрахмет аға бүгінгі күні жүріп өткен жолы қынада да құрметті қызметтің қыр-сыры, айтылуы тиіс құпиялар туралы кітап жазуды қолға алды. «Жастар үшін үлгі, естелік болсын» дегені.

Адам өміріндегі айтулы жасты еңсерген Нұрахмет Жұмахметұлы – қызметте ғана емес, қоғамдық ортада да өзін жақсы жағынан танытқан азамат. Білетіндері оны сертке бекем адал дос, абзал аға санайды. Ал асыл қасиеттерімен ерекшеленген жан қашанда ағайынға сыйлы, араластың ортасында құрметке лайық. Ол бойына бекіген осынау қасиетін айқындай алды. Жүріп өткен жолы мен ізгіліктің ізін, мақастын мемлекеттік мүдде деп есептеген ағаның абзал өмірі өз өнегесін танытты. Өркімінің биігі осылай болса деп ойладымы.

Н.САНИЯЗОВА.

АҒЫЛШЫНША АҒЫП ТҮР...

Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен аймақтағы ағылшын тілі пәні мұғалімдері арасында «ТІІ шебер» атты байқау өтті. Сайыс барысында қатысушылар төрт бөлім бойынша сынаға түсіп, өзара бақ сынасты.

Алғашқы турда ұстаздар ағылшын тілінде дайындалған 25 сұраққа жауап берді. Ал келесі бөлімде қатысушылар қазақ, ағылшын және орыс тілінде өздерін таныстырды. Сондай-ақ, ашық сабақ отуы бойынша және ғылыми жоба қорғауда да ұстаздар қауымы өздерінің білікті маман екенін дәлелдеді. Алғашқы бөлімнің қорытындысы бойынша 30 үміткердің 12-сі келесі айналма жолдама алды.

Сайыс соңында қазылар алқасының шешімімен №5 мектептің мұғалімдері бірінші орынды жеңіп алды. Ал келесі орынға №12 мектептің тәлімгерлері лайық деп танылды, үшінші орын №10 және 8 мектеп мұғалімдеріне бұйырды.

Ғұлдана ӘЛМҰХАМБЕТОВА, №12 мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

Айбек МҰРАТУЛЫ, ҚР Бас прокуратурасы құқық статистика және арнайы есеп алу жөніндегі комитетінің Қызылорда облысы бойынша басқармасының бас маманы.

ТЕКЕМЕТШІЛЕР БАЙҚАУЫ



Қашанда төл өнерін ұлық тұтатын Қазалыда ерекше сайыс өткізілді. Ұлттық кол өнерімиздің көркемдік ерекшелігінің негізі болып саналатын ежелгі салт-дәстүріміздің бірегейі – киіз басу екені баршаға аян. Аттың жалы, түйенің қомында шырдалған ата-бабамыз кизден тұрмысқа қажетті әртүрлі бұйымдар жасаумен қатар оған оюлап өрнек салып, қазақы нақышпен әрлеп ерекше сәнді кездің жауын алатындай текемет бұйымдарын жасағанын аға буын жақсы біледі. Өкінішке қарай, қазіргі таңда мұндай текеметтер топтамасы тек мұражайларда ғана сақталуда.

Жуырда ұлық өнерімізді жаңғырту мақсатында Қазалы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту

бөлімінің қолдауы, Абай ауылдық клубының ұйымдастыруымен «Әр үйдің төрінде текемет тұрса...» тақырыбында аудандық байқауы өтті. Оған ауданның түкпір-түкпірінен келген ақ жаулықты аналарымыз қатысып, текемет пен түскініз басу бойынша сайысқа түсті. Байқауға аудандық оқушылар үйінің драма үйірмесінің жетекшісі Ұлжан Ахметова, Абай ауылдық әйелдер кеңесінің төрайымы, мәдениет саласының ардагері Сақыпжамал Жұмағали, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің әдіскері Бекзат Әжімұрат қазылық жасады. Сайысушылар алғашқы бөлімде дайындап алып келген текемет пен түскініздерін көрмеге қойып, таныстырып, жасалу жолдарын түсіндірді. Ал, екінші бөлімде аяқталмаған істі сол жерде жасап бітірді. Шара барысында Сарыкөл ауылдық округінің әкімі Байназар Ерқосаев құттықтау сөз сөйледі.

Байқау нәтижесінде Сарыкөл ауылының тұрғыны Күмісқұл Рахметова бас жүлде алса, абайлық Мейрамқұл Көңгілеуова I орынды иеленді. Жүлделі екінші орынды бекарыстандық Шынар Қожақова мен Бөзкөл ауылынан келген Бейбіт Әбдіраманова еншіледі. Келесі орындарды Қожабақы ауылы атынан қатысқан Мадина Қаржаубаева, кәукейлік Құзйиар Басмасова өзара бөлісті.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, Қазалы ауданы.

ТАЛАНТТАР ТОП ЖАРҒАН КҮН

Сейсенбі күні облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде «Таланттар топ жарған күн» атты жастардың заманауи өнер байқауы өтті.



Тұңғыш рет өткізілген бұл байқаудың мақсаты – жастар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, альтернативті хореографияны кенінен паш ету және де өнерлі жастарға қолдау көрсету, жастардың шығармашылығын шыңдау, бір жанры арқылы бір ырақтарын дәріптеу арқылы өнерлерін халыққа кеңінен таныту.

Онда №264 мектеп лицейі 8-сынып оқушыларынан құрылған «Realguess» және «light team» би топтары, Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжінің студенттерінен құралған «Хэт-шот» би тобы, Облыстық

жастар ресурстық орталығының «ACTION GIRLS» би тобы, Қызылорда қонапалы техникалық колледжі студенттерінің «DEM-X» би тобы, №23 орта мектептің 9-сынып оқушыларынан құралған «Stimulus тобы» би топтарымен қатар рет әндерін орындайтын өнерлі жастар қатысты.

Барлық қатысушылар өз өнерлерін ортаға салды. Бірі ән шырқаса, енді бірі актерлық қабілетімен көрермендерді қозайтына айналды. Топтан ата шапқандарды іріктеу кезінде көпшіліктің көшмемені ACTION GIRLS би тобы I орынды жеңіп алды. Ал келесі орындарды «Хэт-шот», «Stimulus» би топтары өзара бөлісті.

Сонымен бірге, жеке орындауда өнер көрсеткен КМУ студенттері Бауыржан Салайдин, Мұстафа Амангелдин, Абылайхан атындағы колледжінен қатысқан Жаннұр Баскынбай ынталандыру номинациясы бойынша марапатталды.

Н.А.ПЫСБАЙҰЛЫ.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

ӘРІПТЕСТЕРІМЕ АЛҒЫСЫН ШЕКСІЗ

Наурыз айының шапағаты әрбір жанды жақсы тілек тілеуге, ізгілік пен мейірімділік жасауға, кешірім сұрауға, алғыс білдіруге жетелейді. Ұлыстың ұлы күнінде өзін және отбасымын атынан әріптестеріме алғысымды білдіргім келеді.

4 жасар ұлым Сырым ауыр науқасқа ұшырап, «мидын күрделі ісігі» диагнозымен көп қиналды. Кішкентай балапынның дертіне шипа іздеп, Астана қаласындағы «Ұлттық нейрохирургия орталығында» екі мөрте ота жасатып, болмаған соң шетелдік мамандарға жүгінуге тура келді. Германиядағы бір клиникада ота жасау мүмкіндігі бар дегенді естіп, қаражат жиналды.

Баламын жағдайы күш сайын нашарлап, қомақта түсіп кеткенде, үмітіміз үзілуге шақ қалып еді. Дәл сол кезде менің әріптестерім – Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің ұжымы маған көмек қолын соқты. Барлық қызметестерім, аудандар және Қызылорда қаласы бойынша басқармалар тез арада шешім қабылдап, менің есебіме бір күндік жаласқынсыз ауларды. Бұл бастаманы ҚР Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінің орталық аппарат қызметкерлері және барлық өңірлердегі әріп-

тестер қолдады. Бір күндікпен шектелмей, көлемді қаржы бөлгендер де бар.

Уақыттың тығыздығына қарай Мәскеудің нейрохирургия бағытындағы орталық клиникасында ота жасауға шешім қабылдағанымыз. Баламын көрер жарығы бар екен. Ота сәтті болып, балам жарық дүниеге екініші мөрте келді. Күн сайын жақсарып келе жатқан балам үшін қуанам, сөт сайын біздің отбасымызға жәрдем жасаған жандарға деген алғысым жанымды толқытып жүр.

Өзімнің ғана емес, жұбайымның, Сырымның бауырлары – екі баламын алғысы мен ілтипатын сүйікті басқалымымыз – облыстық «Сыр бойы» газеті арқылы жеткізгім келеді.

Өмірдің тілегіміз – адамгершілік пен мейірім екен. Көпшіліктің тілегімен біздің басымыздағы бұлт арлып, отбасыма күлкі мен шаттық қайтып оралды. Ала-ның шапағаты мен адамдардың мейірімі бізді құтқарды. Мың шүкір айтып, мың алғыс жолдаймын!

Нұрлан САСЫҚБАЕВ, облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің бас маманы.

Ертегі кейіпкерлерін саламыз

Көркемсурет галереясы мен Аралды қорғау қоры «Ертегі кейіпкерлерін саламыз» атты мүмкіндігі шектеулі жас суретшілер арасында байқау ұйымдастырды.

Наурыз мерекесіне орай өткен сайысқа қала мектептерінен 34 оқушы қатысып, тақырыпқа сай композицияларды қағаз бетіне түсірді. Қылқаламды серік еткен жас суретшілердің қиялдан туған дүниелер айқан боюы, өзіне тән образдылығы мен тақырыптық мазмұны жағынан бір-бірінен асып түсті. Олар өз жұмысында түрлі-түсті қарындаш, гуаш пен акварельді қолдана отырып, көрерменнің ертегілеріне әлеміне саяхаттауына мүмкіндік берді. Суреттерді көрген көпшілік таңданысын жасыра алмады. Себебі әрбір картина көркемдік үйлесімімен, бояу таңдай білу әдісімен ерекшеленіп тұрды. Қорытындысында галерея менгерушісі І Ұлнар Рамазанова барлық қатысушының бас жүлдеге лайықты екенін айтып, Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыстады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, балалардың өнерге деген ынта-ықыласын арттырып, өмірге көзқарасын қалыптастыруды, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуға шақыруды мақсат ететін мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Мәлідр СНАДИН.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №18-04/245 бұйрығымен бекітілген «Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) уәкеселерін бекітіп беру жөнінде конкурсу өткізу қағидаларын және конкурсуға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» қағидаларына сәйкес резервте тұрған Қызылорда облысының аумағында орналасқан халықаралық маңызы бар балық шаруашылығы су айдынын және (немесе) уәкеселерін бекітіп беру бойынша конкурсты өткізетіндігін хабарлайды.

Конкурсқа төмендегі резервте тұрған Қызылорда облысының аумағында орналасқан халықаралық маңызы бар балық шаруашылығы су айдыны және (немесе) уәкесі қойылады:					
№	Су айдынының атауы (уәкесі)	Көлемі, га	Бекітіп беру мерзімі	Балық шаруашылығын жүргізу мақсаты	Жыл сайынғы балықтандыру көлемі (дана)
1.	Кіші Арал теңізінің №9 уәкесі	13600	10 жыл	кәсіпшілік	2 жаздық тұқы
					2 жаздық домнадай
					2 жаздық ак амур
					Барлығы:
					немесе 10 грамдық көксерке
					408000

1. Конкурсты ұйымдастырушы: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Орналасқан жері: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, байланыс телефоны: 8-724-2-605362, 605368.

2. Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі: Құжаттар қабылдаудың басталуы: хабарлама жарияланған күннен бастап, сағат-09-00-19-00 дейін.

Құжаттар қабылдаудың соңғы мерзімі: 17 сәуір 2017 жыл, сағат-18-00.

3. Конкурсты өткізу орыны - Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, 18 сәуір 2017 жыл, сағат 16-00.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті конкурстық құжаттаманы - Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, №1, №23 кабинеттен, не болмаса «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ғаламтор-ресурсынан (tabigat.e-kyzylorda.gov.kz) алуға болады.

ҚҰҚЫҚ БҒЗУШЫЛЫҚ КАРТАСЫ АШЫҚТЫҚТЫ КӨЗДЕЙДІ

Елбасы ұсынған «Ұлт жоспарының» 32-ші қадамында «Қылмыстық құқық бұзушылықтар картасы» интернет-порталын құру туралы тапсырма жүзеге асырылды. Біз бей-өз өмір сүріп отырған дәуір – ақпарат дәуірі. Аяқ жетпеген жерге еш алдымен ақпарат жетеді. Ашықтық пен ақпаратқа қолжетімділік көптеген келеңсіздіктерді алдын алады. Ал ақпаратқа жұтандық қауесеттерге, жорамалдарға жол ашады. Бұл өз кезегінде түсініспеушіліктер туғызады. Сондықтан интернет-порталдың құрылуы уақыт талабынан туындаған қалам.

Өлеңнің өрнектері елдері мұндай тегікті табысты қолданып келеді. Веб-ресурсы елдегі барлық қылмыстық құқықбұзушылықтар жесіп енгізілетіндіктен, интернет қолданушылар құқық қорғау органдары жұмысының тиімділігін бақылап отыруға мүмкіндік алады. «Құқық қорғаушылар еш әрекет етпей жатыр» деген орыныс әңгімелерге тосқауыл қойылды.

Интернет порталды құру арқылы, біріншіден, құқық қорғау құрылымдары қызметінің жариялылығы артады. Жоғарыда айтқанымыздай, жариялылық түсінісіпкісті азайтады. Екіншіден, азаматтардың қылмыстық қорынестерге тәуелсіздік тапқытуы артады деп күтудің Тәуелсіздік алғалы Елбасы тапсырмасымен қылмысты ауыздықтайтын, демократиямен мемлекеттегі құқық қорғау қызметін жоғары халықаралық стандарттарға сәйкестендіретін реформалар жүргізіліп келеді. Дегенмен, қоғамда қылмысқа төзбешілік қағидалыс қалыптастыратын маңызы зор. Ғаз бұзушылықты қозымен көріп тұрған адамның заңдылықтың сақталуын талап ете алады. Ал ұлттық ақпараттық жүйе осы бағыттағы шараларды бақылауға мүмкіндік беріп отыр.

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының 2017 жылдың I тоқсанына азаматтарды жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күндері	Азаматтарды қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Алдажаров Аманжол Исатайұлы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 А бөлме	40-08-16
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Ескараева Алтынқұл Иткенұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме	27-23-01
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Ибраева Айгүл Болатқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 311 А бөлме	40-08-17
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Қалмакова Гаухар Амангелдіқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 311 А бөлме	27-01-00